

М.А. Омарова¹ , Г.Р. Абсаттаров¹ 

¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы, Қазақстан

* e-mail: madina74.04@mail.ru

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ БАСЫМДЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚЫТАЙМЕН ҮНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Аңдатпа

Мақала Орталық Азия елдерінің сыртқы саясатындағы аймақтық және екіжақты дипломатия саласындағы басты бағыттар мен басымдықтарды ашуға, сондай-ақ аймақ елдерінің Қытай Халық Республикасымен байланыстары деңгейін анықтауға арналған. Орталықазиялық республикалардың соңғы жылдардағы сыртқы саясаттағы өзекті мәселелер, олардың алға қойған міндеттері, мемлекеттік саясаттағы трансформация нормативті құжаттар негізінде талданды. Олардың ішінде аймақ елдерінің мемлекет дамуының стратегиялық бағдарламалары, сыртқы саяси концепциялары Орталық Азияның болашақ дамуындағы, халықаралық қатынастардағы бағытын айқындауға мүмкіндік береді. Сыртқы саясатты шығыстағы көршісіне басымдық берген аймақ елдері Қытайды ең алдымен өзінің басты сауда серіктесі ретінде қарастырады. Мақала сондай-ақ «Бір белдеу, бір жол» бастамасының жүзеге асырылуы және оған орталықазиялық республикалардың белсенді түрде кірігуі, «Адамзаттың ортақ тағдыр қауымдастығын» бірлесіп құру, «Орталық Азия+Қытай» форумының нақты шешімдері мен қадамдарын алға бастыру мәселелерін қарастырады.

Түйін сөздер: Орталық Азия республикалары, Қытай, сыртқы саяси басымдықтар, сыртқы саяси трансформация, «Адамзаттың ортақ тағдыр қауымдастығы», «Бір белдеу, бір жол», «Орталық Азия+Қытай» форумы.

М.А. Omarova¹ , G.R. Absattarov¹ 

¹Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan

FOREIGN POLICY PRIORITIES OF THE CENTRAL ASIAN REPUBLICS AND COOPERATION WITH CHINA

Abstract

The article focusses on revealing the primary orientations and priorities of Central Asian countries' foreign policy in regional and bilateral diplomacy, while also evaluating the extent of interactions between this region and the People's Republic of China. This article examines the contemporary challenges of the foreign policy of Central Asian republics in recent years, their objectives, and the evolution of state policy, as informed by normative documents. The strategic programs for state development and foreign policy conceptions of regional nations facilitate the identification of future developmental trajectories and international relations of the Central Asian republics. The countries in the area, whose foreign policy emphasises its eastern neighbour, predominantly determine China as their principal commercial partner. The paper analyses the execution of the "One Belt, One Road" program, the active participation of Central Asian republics, the collaborative establishment of a "Community of Shared Future for Mankind," and the advancement of particular solutions and phases of the "Central Asia + China" forum.

Keywords: Central Asia, China, foreign policy priorities, foreign policy transformation, "Community of a Shared Future for Humanity", "One Belt, One Road", "Central Asia + China" forum

Омарова М.А.¹, Абсамтаров Г.Р.¹

¹Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,
г. Алматы, Казахстан

ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКИЕ ПРИОРИТЕТЫ РЕСПУБЛИК ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ И СОТРУДНИЧЕСТВО С КИТАЕМ

Аннотация

Статья посвящена раскрытию основных направлений и приоритетов внешней политики стран Центральной Азии в сфере региональной и двусторонней дипломатии, а также определению уровня взаимоотношений стран региона с Китайской Народной Республикой. На основе нормативных документов проанализированы актуальные вопросы внешней политики республик Центральной Азии за последние годы, их цели и трансформация государственной политики. Среди них стратегические программы государственного развития и концепции внешней политики стран региона позволяют определить направления будущего развития и международных отношений республик Центральной Азии. Страны региона, чья внешняя политика отдает приоритет своему восточному соседу, в первую очередь рассматривают Китай в качестве своего главного торгового партнера. В статье также рассматриваются реализация инициативы «Один пояс, один путь» и активное включение в нее республик Центральной Азии, совместное создание «Сообщества единой судьбы человечества», продвижение конкретных решений и этапов форума «Центральная Азия + Китай».

Ключевые слова: Центральная Азия, Китай, приоритеты внешней политики, трансформация внешней политики, «Сообщество единого будущего человечества», «Один пояс, один путь», форум «Центральная Азия + Китай».

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазіргі халықаралық қатынастардағы жаһандық өзгерістер, мемлекеттердің геосаяси бағдарлары әлемдік геосаяси жағдайдың өзгеруіне ғана емес, ең алдымен, аймақтық, өңірлік, көршілес жатқан қоршаған ортада қалыптасқан саяси-экономикалық ахуалдың болмысымен тікелей байланысты. Сондықтан халықаралық қатынастар жүйесінің кез-келген субъектісі өзінің сыртқы саяси басымдықтарын белгілегенде көршілес орналасқан, өзімен бір аймаққа кіретін мемлекеттермен өзара тиімді байланыстарды орнатуға тырысады.

Ғасырлар бойы әлемдік тәртіп орнатуда айрықша рөлге ие болған ірі державалардың мүдделері тоғысқан Орталық Азия аймағы бүгінгі таңда да ғаламдық ойыншылар үшін өзінің саяси-экономикалық әлеуетінің арқасында стратегиялық маңызды аймақ боп саналады. Аймақтың маңыздылығын арттыра түсетін факторлар қатарында оның Шығыс пен Батысты, Оңтүстік пен Солтүстікті байланыстыратын маңызды еуразиялық дәліздердің ғана тоғысқан жері емес, сондай-ақ шығыс пен батыс өркениеті мен мәдениетінің табысқан жері болғандығын атау керек. Бұл Орталық Азия елдерінің саяси, экономикалық тұрғыда ғана емес, өркениетаралық диалогты дамытудағы, түрлі халықтардың мәдени құндылықтармен алмасудағы маңыздылығын айқындайды. Сондықтан да аймақ елдерінің жаһандану жағдайындағы халықаралық белсенділігі мен мемлекеттік ұстанымы, олардың сыртқы саясатындағы басты бағыттары, жалпы болашаққа алған бағдарлары өңірдің болашақ дамуының кепілі болып табылады.

Орталық Азия республикаларының халықаралық қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде дами келе, ширек ғасырдан асқан сыртқы саяси қайраткерлігі заңнамалық тұғырын қалыптастырып, халықаралық қатынастарда басымдықтарды белгілеп, мемлекеттік тұжырымдамаларын бекітті. Жаһандану үдерісінің ықпалымен бірі сыртқы саясатындағы көпвекторлықты (Қазақстан, Қырғызстан) одан әрі нығайтуға бет алса, басқалары оқшаулану, қосылмау, бейтараптық (Өзбекстан, Түрікменстан) саясаттарын қайта қарап, ашықтық пен

прагматикалық қағидаттарды басшылыққа алып, сыртқы саяси бағыттарында түбегейлі өзгерістерді жүзеге асырып жатыр. Сыртқы саясаттарындағы басты мақсат-міндеттер ретінде аймақтағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті, тұрақтылықты сақтау, мемлекет тәуелсіздігі мен егемендігін баянды ету болса, екіжақты және көпжақты дипломатия саласында ең маңызды серіктестер ретінде аймақтағы орталықазиялық көршілер және ең ірі сауда әріптесі ретінде Қытай Халық Республикасы саналады. Қытай үшін де Орталық Азия алғашқы басымдықтардың қатарында, себебі жаһандық үдерістердің, интеграциялық үрдістердің ықпалымен орныққан өзара тәуелділік уақыт озған сайын күшеюде.

Жаһандық, мемлекетаралық ірі бастамалар мен жобалар қатысушы мемлекеттер арасындағы байланыстарды ғана күшейтіп қоймай, өзара тиімділік негізінде мемлекеттердің экономикалық, инфрақұрылымдық, әлеуметтік дамуына ықпал етеді. Қытаймен сан-саладағы байланыстар, стратегиялық әріптестіктің нығаюы, бірлескен ірі экономикалық жобалардың қолға алынуы, шекара маңындағы өзара әрекеттестіктің тереңдеуі Орталық Азия сыртқы саясатының басым бағыттары болып табылады.

КІРІСПЕ

Орталық Азия республикаларының сыртқы саяси басымдықтары көпвекторлы дипломатия қағидаттарына негізделіп, аймақтық тұрақтылық пен экономикалық даму мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған. Аймақ елдері жаһандық және аймақтық державалармен теңгерімді қатынастар орнатуға, экономикалық әртараптандыруды жүзеге асыруға және ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға ұмтылады. Қытай, Ресей, АҚШ және ЕО сияқты негізгі сыртқы әріптестермен ынтымақтастықты дамыту аймақтың интеграциялық әлеуетін күшейтіп, стратегиялық маңызы бар бастамаларға қатысу арқылы геосаяси позицияларын нығайтуға ықпал етеді.

Бұл зерттеудің мақсаты Орталық Азия республикаларының сыртқы саяси басымдықтарын анықтап, олардың Қытаймен ынтымақтастығындағы стратегиялық бағдарларына баға беру болып табылады. Ал міндеттері қатарына ОА елдерінің сыртқы саяси тұжырымдамаларын салыстыру, Қытаймен екіжақты және көпжақты байланыстарының мазмұнын сарапқа салу, Қытайдың аймақтағы «Бір белдеу, бір жол» сияқты бастамаларына Орталық Азия республикаларының қатысу деңгейін қарастыру кіреді.

Қытай бүгінгі таңда халықаралық қатынастардың, әлемдік экономикалық байланыстардың негізгі әрі белсенді қатысушысы ретінде Орталық Азия аймағы үшін маңызды сауда-экономикалық серіктес болып табылады. 30 жылдан асқан өзара дипломатиялық байланыстардың қарқынды дамуы тараптардың ынтымақтастығын жоғары деңгейге көтерді. Мемлекеттердің ішкі және сыртқы саяси қағидаттарды өзара қабылдау, қолдау арқасында Орталық Азия республикалары мен Қытай стратегиялық әріптестік байланыстарды берік түрде орнатты. Өзара дипломатиялық байланыстар орнап, сан-саладағы ынтымақтастықтың дамуы маңызды кезеңдерден өтіп, Орталық Азия республикалары мен Қытай Халық Республикасы бүгінгі таңда жоғары деңгейдегі саяси қарым-қатынастардың озық үлгісін көрсетіп келеді. Өзара сенім, өзара құрмет, өзара тиімділік қағидаттарын басшылыққа алған мемлекетаралық байланыстар жарқын болашаққа бет алуда.

Орталық Азия мен Қытай ынтымақтастығы орталықазиялық республикалардағы саяси өзгерістердің пайда болуымен, сондай-ақ ауқымды ғаламдық саяси-экономикалық жобаларды дүниеге әкелген жаһандану үдерісінің ықпалымен жаңа сипатта дами бастады. Жаңа сипаттағы, сапалы мазмұндағы байланыстар дамуын Қытай билігіне Си Цзиньпиннің келуімен байланыстыруға болады. Билік басына келгеннен кейінгі өзінің алғашқы сапарын Қазақстаннан бастаған Қытай басшысының бұл қадамында да үлкен мақсаттар мен міндеттер жатты. Бүгінде нақты нәтижелер беріп, іс жүзіне асып жатқан ғаламдық жобаның бастамасына 2013 жылдың қыркүйегінде Қытай басшысының Қазақстанға жасаған сапары барысында жариялаған «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бағдарламасы мұрындық болды. Әрине, бұған дейін де тарихи байланыстардың негізі болған ежелгі Жібек Жолын жаңғырту бойынша,

яғни кеңестік дәуірден жұмыс істеп келе жатқан көлік тораптарын жаңарту, дамыту, қайта қалпына келтіру арқылы Орталық Азия мен Қытай арасында транспорттық инфрақұрылымды жетілдіру бойынша қыруар жұмыстар атқарылғанын айту керек.

Қытай мен Орталық Азия республикалары арасындағы қарым-қатынастардың дамуы геосаяси, экономикалық және тарихи факторлардың ықпалымен стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді. Бұл үдеріс өзара сенім мен тиімділік қағидаттарына негізделген дипломатиялық байланыстардың қалыптасуы, сауда-экономикалық ынтымақтастықтың артуы, сондай-ақ Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясындағы ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруымен тығыз байланысты. Сонымен қатар, Қытай басшылығының Орталық Азияға ерекше назар аударуы және аймақтағы интеграциялық үдерістерге белсенді қатысуы екіжақты қатынастардың жаңа сапалық деңгейге шығуына ықпал етті. Орталық Азия елдерінің сыртқы саяси басымдықтары Қытаймен ынтымақтастықты күшейтуге бағытталған және бұл қатынастар прагматикалық және экономикалық тиімділік қағидаттарына негізделген. Қытайдың аймақтағы белсенділігі, жаһандық бастамалары және жаңа геосаяси ахуал жағдайында Орталық Азия елдерінің сыртқы саяси ұстанымдарын қайта қарауы зерттеу маңыздылығын айқындайды. Қытай мен Батыс арасындағы бәсекенің күшеюі, сондай-ақ Ресейдің геосаяси позициясының әлсіреуі Орталық Азия үшін жаңа мүмкіндіктермен қатар, стратегиялық таңдаулар қажеттілігін де тудырып отыр. Осындай жағдайда аймақ елдерінің сыртқы саяси басымдықтарын жүйелі түрде талдау олардың ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен егемендігін қамтамасыз ету үшін аса өзекті деп санаймыз.

ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Орталық Азия республикаларының сыртқы саясаты мәселесі және Қытаймен байланысы тақырыбы әрқашан да өзекті болып қалмақ. Себебі геосаяси жағдайдың өзгеруімен, әсіресе Ресей-Украина соғысы жағдайында Еуразиядағы біршама тұрақсыздықтың салдары қандай болмақ, аймақтың көршісі Қытаймен және басқа да ірі серіктестерімен байланыстарын қандай перспективалар күтіп тұр деген мәселелер қызу талқылау құралына айналды. Аймақ өзінің әлеуетіне сай алпауыт мемлекеттер мүдделерінің аясы болып қала беретіндіктен аталған мәселеге арналған ғылыми еңбектер, негізінен, Қытай, Ресей, Түркия сияқты елдердің аймақтағы мүдделерін, олардың аймақтағы саясатының ерекшеліктерін ашуға бағытталған. Алайда аймақ елдері тұрғысынан, орталықазиялық республикалардың алпауыт мемлекеттерге қатысты ұстанымы, олардың сыртқы саясатындағы басты бағыттар мен түпкі мақсат-міндеттеріне қатысты мәселеге аса мән берілмейді.

2018 жылы Назарбаев Университетінің Орталық Азияны зерттеу бағдарламасы Джордж Вашингтон университетінің Орталық Азия бағдарламасымен бірлесе отырып, Марлен Ларюэль редакциясымен «Белдеу және жол» бастамасы және оның Орталық Азияға әсері» атты кітабын шығарды. Кітапта Қытайдың Орталық Азияның ең ірі инвесторы бола тұра түрлі келеңсіз құбылыстардың салдарынан инвестицияланған ақшаның қосымша жұмыс орындарын құру, білім беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін айтарлықтай экономикалық ықпалы бола қоймайтыны айтылады [1].

Қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты соңғы жылдары жарық көрген ғылыми еңбектердің ішінде В.В. Парамоновтың «Взаимоотношения государств Центральной Азии с Россией и Китаем: от теории к практике» атты монографиясын атауға болады. Еңбекте Орталық Азия республикаларының Қытаймен және Ресеймен байланыстарының 30 жылдық тарихы зерттелген. Сан-саладағы ынтымақтастықты зерттеудің реалистік, геосаяси, идеалистік, либералды-экономикалық, саяси-талдау секілді ғылыми әдістер атала келе, сайып келгенде, кешенді, пәнаралық, жүйелік зерттеулер жүргізу қажеттігіне баса назар аударылған. Автормен толық келісуге болады, себебі өзара байланыстар сипатының көптүрлілігі және қатысушы мемлекеттердің сыртқы және ішкі саяси бағыттарындағы өзгешеліктер мәселеге әр қырынан қарауды талап етеді. В.В. Парамонов тараптар арасындағы байланыстарды

кезеңдерге бөліп, олардың сапалық тұрғыда жетіле түскенін алға тартып, саясат, қауіпсіздік, экономика салаларында пайда болған жаңа үрдістерге талдау жасайды [2].

Раффаэлло Пантуччи мен Александрос Петерсеннің «*Sinostan: China's Inadvertent Empire*» атты еңбегі Қытайдың Орталық Азиядағы ықпалының артуын жан-жақты талдайды. Автократиялық режимдер мен демократиялық елдер арасындағы жаңа геосаяси тепе-теңдікті зерттей отырып, авторлар Қытайдың аймақтағы экономикалық, саяси және мәдени ықпалын егжей-тегжейлі сипаттайды. Зерттеудегі негізгі идея Қытайдың аймақтағы қатысуы "кездейсоқ империя ретінде сипатталады, өйткені бұл ықпал Қытайдың айқын империялық амбицияларынан гөрі, оның экономикалық және қауіпсіздік мүдделерінен туындайды.

Ғылыми еңбектерде Қытайдың Орталық Азиядағы стратегиялық мүдделері жан-жақты талданғанымен, бұл зерттеу Орталық Азия елдерінің өз көзқарасы мен сыртқы саяси басымдықтарын негізге ала отырып, әрбір мемлекеттің Қытаймен екіжақты серіктестікке ұмтылу ерекшеліктерін тұтастай, салыстырмалы түрде зерттеуімен ерекшеленеді. Сондай-ақ, мақалада Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» және «Ортақ тағдыр қауымдастығы» сияқты тұжырымдамаларына аймақ елдерінің бейімделу дәрежесі нақты саяси құжаттар мен статистикалық мәліметтер негізінде талданады.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Орталық Азия аймағы әлемдік державалардың, соның ішінде Қытайдың ықпал ету аймағы ретінде болсын, мемлекеттік мүдделер тұрғысынан болсын әрқашан маңызды болып келді. Бүгінгі таңдағы жаңа халықаралық тәртіп орнатудағы негізгі ойыншы ретінде Қытай да Орталық Азия республикаларының сыртқы саясатында айрықша орынға ие екені дау тудырмайды. Тараптар арасындағы байланыстар тақырыбы көптеген ғалымдардың зерттеу нысаны болғанмен, орталықазиялық республикаларды Қытаймен жеке-жеке жүйелі түрде ғылыми тұрғыда қарастыру әлі де болашақ міндеттер қатарында.

Бұл зерттеу Орталық Азия республикаларының сыртқы саяси басымдықтарын кешенді түрде талдау мақсатында жүргізілді. Зерттеу барысында сапалық және сандық әдістердің үйлесімі қолданылып, халықаралық қатынастар мен аймақтық зерттеулердің негізгі теориялық ұстанымдарына сүйендік. Зерттеудің теориялық негізін аймақ елдерінің сыртқы саяси шешімдерін халықаралық анархия жағдайында ұлттық мүдделерін қорғау тұрғысынан қарастыратын неореализм теориясы [4], экономикалық және саяси тәуелділік жағдайында Орталық Азия елдерінің сыртқы саясатындағы Қытай, Ресей және Батыстың рөлін түсіндіретін тәуелділік теориясы және аймақ елдерінің сыртқы саяси басымдықтарын бейтарап ұстанымда ұстау стратегиясын талдауға бағытталған көпвекторлы саясат концепциясы [5] қолданылды.

Аталған әдістердің ішіндегі салыстырмалы талдау әдісі Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы саяси тұжырымдамаларындағы Қытай бағытының маңызын анықтау үшін қолданылды (мысалы, Қазақстанның 2020-2030 жж. сыртқы саяси тұжырымдамасы мен Өзбекстанның 2022-2026 жж. даму стратегиясы салыстырылды). Жүйелеу әдісі арқылы Қытаймен ынтымақтастықтың негізгі салалары (сауда, көлік, инфрақұрылым, мәдениет, қауіпсіздік) топтастырылды. Талдау әдісі екіжақты және көпжақты дипломатиялық форматтардағы (ШЫҰ, «Орталық Азия+Қытай», «Бір белдеу, бір жол») серіктестіктің құрылымын, мазмұнын және мақсаттарын түсіндіру үшін қолданылды. Контент-талдау әдісі саяси құжаттар, саммит материалдары мен статистикалық деректерді талдауда пайдаланылды.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Мақала Қытай мен Орталық Азия арасындағы өзара қарым-қатынастың қазіргі сипатын, даму бағыттарын және аймақ елдерінің сыртқы саяси ұстанымдарын сипаттайды. Орталық Азия елдері халықаралық қатынастарда белсенді субъектілерге айналды. Соңғы ширек ғасырдан астам уақытта аймақ елдері бұрынғы «Ұлы ойын» алаңынан – енжар нысаннан – белсенді геосаяси акторлар дәрежесіне көтерілді. Тақырыпты зерттеу мынадай нәтижелерді қарастырады:

- Зерттеу барысында Орталық Азия мен Қытай арасындағы қатынастардың ресми түрде тең құқықты серіктестік ретінде сипатталды. Алайда нақты жобалар мен инвестициялық тәжірибелер бұл қатынастарда Қытайдың басым рөл атқаратынын көрсетті. Осылайша, гипотеза ішінара расталды: қатынастар формалды түрде тең болғанымен, шын мәнінде аймақ елдерінің экономикалық және институционалдық дербестігі шектеулі.

- Сыртқы саяси тұжырымдамаларында аймақтық ынтымақтастық, қауіпсіздік, тұрақтылық пен дамуға басымдық берілетіні анықталды. Қытайдың ықпалы артып, инфрақұрылымдық жобалар арқылы аймаққа терең енуде. Зерттеу нәтижесінде Қытайдың экономикалық мүдделері басым, ал саяси/мәдени ықпалы шектеулі екендігі анықталды.

- Зерттеу барысында ұсынылған гипотеза – «Орталық Азия елдерінің сыртқы саяси басымдықтары Қытаймен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған, бұл бағыт экономикалық тиімділікпен қатар саяси прагматизмге негізделген» деген тұжырым расталды. Аймақ елдері сыртқы саяси стратегияларында Қытайды басты серіктес ретінде қарастырып, оның бастамаларына бейімделіп отыр.

- Қазақстан мен Қытай арасындағы саяси қарым-қатынас сапалық жаңа деңгейге көтерілді. Қытайдың халықаралық бастамалары Қазақстанмен ынтымақтастықтың мазмұнын кеңейтуде. «Адамзаттың ортақ тағдыр қауымдастығы» тұжырымдамасы Қытай сыртқы саясатының негізгі іргетасына айналды. Қазақстан бұл бастамаларға серіктес ретінде қатысып, Қытаймен көпвекторлы және теңгерімді байланыс үлгісін көрсетіп отыр.

- Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасына Орталық Азия елдері тек экономикалық себептермен емес, саяси тұрақтылық пен аймақтық қауіпсіздік мақсатында да қатысып отыр. Аталмыш гипотеза расталды: инфрақұрылым және саудадан бөлек, қауіпсіздік саласындағы бастамалар мен «Адамзаттың ортақ тағдыр қауымдастығы» сияқты тұжырымдамаларға қолдау көрсетілген. Бұл Қытаймен серіктестіктің бір ғана экономикалық емес, стратегиялық әрі саяси сипаты бар екенін білдіреді. Сауда-экономикалық серіктестік жаңа серпін алды. «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясында инфрақұрылым, көлік, ауыл шаруашылығы және мәдени-гуманитарлық салалардағы жобалар кеңейіп жатыр.

- Орталық Азия республикаларының Қытаймен ынтымақтастыққа деген ұстанымы біркелкі емес, әр ел өз ішкі саяси-экономикалық жағдайына қарай әртүрлі тәсілмен әрекет етеді. Бұл тұжырым расталды. Өйткені Өзбекстанның экономизацияланған сыртқы саясаты, Қырғызстан мен Тәжікстанның қарызға тәуелділігі, Түрікменстанның бейтарап ұстанымы мен Қазақстанның институционализацияланған серіктестігі нақты сипатталған. Бұл Қытаймен байланыс бірегей емес екенін көрсетеді.

- Орталық Азия елдері Қытайдың жаһандық бастамаларына бейімделе отырып, өз ұлттық даму бағдарламаларымен үйлестіріп отыр. Қорыта айтқанда, Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастық көпсалалы бағытта дамып, аймақтың тұрақты дамуына және өзара тиімді серіктестікке негізделген жаңа кезеңге қадам басуда.

ТАЛҚЫЛАУ

Орталық Азия тәуелсіздікке дейін алпауыт мемлекеттердің мүдделері тоғысқан «Ұлы шахмат тақтасы», «Үлкен ойын» алаңы ретінде бағаланып келді. Алайда соңғы 30 жылдық кезең аймақтың геосаяси және геοэкономикалық трансформациясын жүзеге асырып, аймақ елдері бүгінгі таңда халықаралық қатынастардың аймақтық, тіпті ғаламдық деңгейдегі маңызды субъектілеріне айналған. Сванте Э. Корнелл мен С. Фредерик Старр Орталық Азия елдері өздерінің сыртқы саяси басымдықтарына, ең алдымен, өз аймағындағы елдермен ынтымақтастықты қоятынын, сол мақсатта маңызды екіжақты және көпжақты келісімдерге келгенін тұжырымдайды. Жаһандық деңгейде қабылданған аймақтағы, қала берді әлемдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мақсатында жасалған халықаралық бастамаларының маңызын айрықша атап көрсетеді. Қазақстан Иранның ядролық бағдарламасы бойынша келіссөздерді өткізіп, төмен байытылған уранның халықаралық банкін орналастыруға сәтті өтінім берді. Өзбекстан әртүрлі жағдайларда Ауғанстан бойынша келіссөздерді ілгерілетуде

маңызды рөл атқарды. 2022 жылдың шілдесінде Ташкентте АҚШ пен «Талибан» қозғалысының қатысуымен Ауғанстандағы экономикалық мәселелерге арналған конференция, ал 2023 жылдың наурыз айында Ташкентте Ауғанстанның көршілес елдерінің арнайы өкілдерінің кездесуі өтті. 2023 жылы Түркіменстан бастамасымен олар Орталық Азияны «бейбітшілік, сенім және ынтымақтастық аймағы» деп атайтын декларацияны бірауыздан қолдады [6].

Қытай төрағасы Си Цзиньпин жариялаған «Жібек жолы экономикалық белдеуі» жобасы миллиардтаған долларлық «Бір белдеу, бір жол» инфрақұрылымдық жобасының құрлықтағы бөлігі болып табылады. Зерттеуші Р. Пантуччидің пікірінше, кең ауқымдағы экономикалық ынтымақтастық, географиялық жақындық Қытайдың негізгі ойыншы екенін білдіреді, бірақ Бейжің аймақтың кеңірек мәселелеріне қызығушылық танытпайды, оның орнына тар шеңберде өз мүдделеріне назар аударады. Ол Орталық Азияны қандай да бір мағынада Қытай үшін зертхана екенін алға тартады. Дегенмен, Пантуччи Қытайдың Орталық Азиядағы «ортақ ландшафтқа» қызығушылық танытпайтынын және аймақтың экономикалық немесе саяси мәселелеріне араласуға асықпайтынын айтады [7]. Пантуччи мен Петерсен тараптар арасындағы саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастарды саралай келе, Қытайдың аймақтағы ықпалының күшеюін кездейсоқ жағдай ретінде қарастырады: Қытай қазіргі таңда аймақтың әдейі емес, қалыптасқан жағдайларға байланысты табиғи түрде ең маңызды серіктесіне айналды. Зерттеушілер Орталық Азия республикаларында ашылған Конфуций институттарының рөлін қарастыра келе, оларға деген Батыста сенімсіздігін алға тартады, олар үнемі астыртын әрекеттерді ұйымдастырады деп айыптайды. Алайда Пантуччи бұл мәдени орталықтар ешқандай дәйекті саясат жүргізбейді және біркелкі сапа стандарттарын ұстанбайды деп есептейді. Қытай шенеуніктері мен ғалымдары оларды билікті кеңейту құралы ретінде емес, қайырымдылық ұйымдары ретінде қарастыратынын анықталды. Кітапта Бішкектегі бір оқытушының «Қытай аймақ үшін үлкен мүмкіндіктер жасап жатыр және Орталық Азия тұрғындары Қытайдан алғандарына көбірек риза болуы керек» деген сенімді айтқан сөздерін келтірген.

«Синостан» кітабының қорытындылары Қытайдың Орталық Азиядағы ықпалын оның мотивтерінен немесе жоспарларынан ажыратады. Бейжің бұл аймақты жаулап алуды емес, оны Қытайдың игілігі үшін дамытуды көздейді. Ал АҚШ-тың Ауғанстаннан шығарылуымен күшейген билік вакуумы және Ресейде туындаған дағдарыс Орталық Азияның Қытай үстемдігіне ашық болуына әкелді. Пантуччидің тұжырымы бойынша, Бейжің Ресейді ығыстыруды көздемейді. Ресей кедергі емес, басқару керек аймақтық держава. Мәскеу Бейжіңге мұқтаж, Бейжің Мәскеуге мұқтаж емес. Бұл мәлімдеме Ресей Украинаға басып кіріп, сол арқылы Батыспен байланысын үзгеннен кейін өзекті бола түсті.

Біздің еліміз көпвекторлы сыртқы саясатты ұстанып келеді, Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасының өңірлік және көпжақты дипломатия саласындағы басымдықтар қатарында Қытай Халық Республикасы да бар:

Ресей Федерациясымен одақтастық қатынастарды, Қытай Халық Республикасымен жан-жақты стратегиялық әріптестікті, Америка Құрама Штаттарымен кеңейтілген стратегиялық әріптестікті, Орталық Азия мемлекеттерімен стратегиялық қарым-қатынастарды, Еуропалық Одақпен (ЕО) және ЕО-ға мүше мемлекеттермен кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастықты одан әрі дамыту [8].

Халықаралық қауымдастық мүшелерімен, түрлі халықаралық ұйымдармен белсенді ынтымақтастықты жүзеге асыра отырып, Қазақстан өзінің көпвекторлы саясатының маңызды бағыты ретінде Қытай Халық Республикасымен саяси байланыстардың озық үлгісін көрсетті десе болады. 2005 жылы бастау алған стратегиялық әріптестік уақыт өте келе жаңа мазмұнмен толыса келе, 2019 жылы «мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестік» атауына ие болды. Ал 2022 жылы екі ел басшысы «ортақ тағдыр қауымдастығын» құру ниеттерін білдірді.

Бұл жерде айта кететін жайт, «Адамзаттың ортақ тағдыр қауымдастығын» құру Қытайдың қазіргі халықаралық саяси тұжырымдамасы болып табылады. Қытай төрағасы Си

Цзиньпиннің алға тартуымен аталмыш ұғым алдымен 2017 жылы Қытай Коммунистік партиясының 19-съезінде партия жарғысына енгізілсе, соңынан 2018 жылы конституцияға өзгертулер енгізу кезінде Қытай Халық Республикасының Конституциясының преамбуласына кіргізілген болатын. Қытай үкіметі адамзаттың ортақ тағдыр қоғамдастығын «әлемдік үрдіспен адам тағдырының бағытын түсінудегі Қытайдың даналығын көрсететін құндылықтар жүйесі» ретінде сипаттайды [9]. Бұл ретте Қытай жаһандық гегемонияға ұмтылмайтынын баса айтады.

Қытайдың қазіргі таңда ұстанған саясатына Қытайдың Қазақстандағы елшісі Чжан Сяо былай деп сипаттама береді: «Қытай Халық Республикасы құрылған сәттен бастап Қытай Коммунистік партиясының басшылығымен Қытай дипломатиясы тәуелсіз бейбіт сыртқы саясатты жүргізіп, жаһандық серіктестікті тереңдетіп, кеңейтіп, әлемнің барлық елімен өзара тиімді ынтымақтастыққа ұмтылады. Бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидатынан бастап үш жаһандық бастамаға дейін (Жаһандық даму бастамасы, Жаһандық қауіпсіздік бастамасы және Жаһандық өркениет бастамасы) және адамзаттың ортақ тағдыры қауымдастығын құру тұжырымдамасына дейін Қытай жаһандық басқаруға қытай даналығы мен қытайлық нұсқасын ұсынуды жалғастырып келеді» [10].

Сауда-экономикалық ынтымақтастықта жақсы қарқын сақталуда. Қытай Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі болып табылады. 2023 жылы екі ел арасындағы тауар айналымы 41 миллиард 20 миллион юаньға жетіп, алдыңғы жылмен салыстырғанда 32,2 пайызға артқан. «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясындағы ынтымақтастық, оның ішінде көлік, инфрақұрылым, инвестиция, қаржы, ауыл шаруашылығы, сондай-ақ ғылым мен технология, мәдениет және білім беру салаларында кеңейіп келеді [11].

Экономикасы қарқынды дамып келе жатқан Өзбекстанның соңғы жылдары сыртқы саяси бағытында да өзгерістер орын алуда. Жаһандық деңгейдегі болсын, аймақтық деңгейдегі болсын халықаралық құрылымдарға қатысуға әуел баста үлкен сақтықпен қарайтын өзбек елі әлемге ашық болу форматын таңдап, мемлекеттік саясатта жаңа мақсаттар мен белестерді белгіледі.

Өзбекстанның 2022 жылы қабылдаған «Жаңа Өзбекстанның 2022-2026 жылдарға арналған даму стратегиясы» елдің 100 стратегиялық мақсатының 7 бағытын белгіледі, оның «Елдің қауіпсіздігі мен қорғаныс әлеуетін нығайту, ашық, прагматикалық және белсенді сыртқы саясатты қолдау» деп аталатын жетінші бағыты сыртқы саяси басымдықтармен байланысты: «Бұл бағыт қарулы күштерді нығайту және қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халықаралық қатынастардың толыққанды субъектісі ретінде мемлекетіміздің халықаралық аренадағы мәртебесін нығайту шараларын қамтиды. Президент атап өткендей, «Біз әлемге ашық болуымыз керек, ал әлем бізге ашық болуы керек. Бұл заман, заманауи даму талабы [12].

Өзбекстан Республикасының сыртқы саясатында Қытай маңызды басымдықтардың қатарына кіреді. Екі ел басшылары шынайы да өзара сенімді диалогты ұстанып, 2022 жылдың алғашқы жартысында екіжақты және көпжақты форматта 3 жоғары дәрежедегі кездесулерді өткізді. Тараптар қол жеткізген маңызды консенсус «Бір белдеу, бір жол» бастамасы мен Орталық Азия елдерінің даму стратегиялары арасындағы үйлестіруді және байланыстыруды жалғастыру болып табылады. Қытай мен Орталық Азияның бес мемлекеті арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың орнағанына 30 жыл толуына арналған бейнесаммит барысында Өзбекстан президенті Ш. Мирзиесев Қытай-Орталық Азия жаңа экономикалық диалог стратегиясын қалыптастыруды қоса алғанда, бірқатар бастамаларды ұсынды. Олардың ішінде «Орталық Азияның бес елі + Қытай» IT индустриясы паркі негізінде «Ақылды Жібек жолын» салып, 2023 жылды «Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы халық мәдениеті мен өнері жылы» ретінде өткізу болды.

Өзбекстан зерттеушісі Р. Махмудов Өзбекстанның сыртқы саясатын саралай келе, жаңа Өзбекстанның сыртқы саяси феноменінің қалыптасып жатқанын айтады. Ш. Мирзиесев билік басына келгелі бері Ташкенттің сыртқы саясатында айқын өзгерістер орын алды. Ел дамуының жаңа моделінің қалыптасуында экономикалық компонент анағұрлым маңызды рөл атқара

бастады. Өзбекстанның қазіргі сыртқы саясатының ерекшелігін айқындауда елдің сарапшылары мен журналистері арасында «экономизация» термині пайда болды. Өзбекстанның сыртқы саясатын экономизациялаудағы жаңа қадам елдің халықаралық қаржылық, сауда-экономикалық кеңістігіне неғұрлым белсенді және тереңірек интеграциялану бағыты сияқты құрамдас бөліктің пайда болуы болды. Өзбекстан өз тарихында алғаш рет үлкен үштік – S&P, Moody's және Fitch-тен тәуелсіз несие рейтингтерін алды. Сондай-ақ Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк, Азия даму банкі сияқты халықаралық қаржы институттарымен ынтымақтастық кеңейтілді; елдің ДСҰ-ға кіруі бойынша консультациялар үдерісі басталды.

2019 жылдың соңында Қытай 7,62 миллиард доллар сыртқы сауда айналымымен (елдің сыртқы сауда айналымының 18,1%) және 2,519 миллиард долларлық жетекші экспорттық бағытымен Өзбекстанның ең ірі сауда-экономикалық серіктесі болды. Қытайдағы тұтынудың өсуі және орта таптың өсуіне байланысты тұтынушылық талғамының біртіндеп өзгеруі Ташкент Қытайдың азық-түлік нарығына ұзақ мерзімді қол жеткізуге күш салу мүмкіндігі ретінде қарастырады. Өзбекстандық экспорттаушылар бірнеше жылдан бері Қытайға ауыл шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлерін (жемістер мен кептірілген жемістер) жеткізіп келеді және қазірдің өзінде бірқатар тауашалар бойынша көшбасшыға айналды [13].

Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруымен Өзбекстан Республикасының Президенті Мирзиёев 2024 жылғы 23-25 қаңтар аралығында Қытай Халық Республикасында мемлекеттік сапармен болды. Тараптар 2023 жылғы 18 мамырда Сиань қаласында қол қойылған «Қытай Халық Республикасы мен Өзбекстан Республикасының бірлескен мәлімдемесіне» және қабылданған «Қазақстан Халық Республикасы арасындағы жаңа дәуірге арналған жан-жақты стратегиялық серіктестікті дамыту (2023-2027 жж.) жоспарына» жоғары баға берді. Тараптар Қытай-Өзбекстан сыртқы істер министрлерінің стратегиялық диалогы тетігінің құрылуына және 2023 жылдың қарашасында Бейжіңде бірінші диалогтың өткізілуін жоғары бағалады. Олар бұл тетік қол жеткізілген консенсусты жүзеге асыруға жәрдемдесетін, екі мемлекет басшылары екіжақты, аймақтық және халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасатын маңызды платформа деп санайды. Жаңа дәуірде жан-жақты стратегиялық серіктестік мазмұнын үздіксіз байыту мақсатында екі тарап «Белдеу мен жол» үшінші халықаралық ынтымақтастық саммитінің қорытындыларын бірлесіп жүзеге асыруға және «Белдеу мен жол» бастамасы мен «Жаңа Өзбекстан» даму стратегиясы арасындағы байланысты нығайтуға келісті [14].

Жаңа Өзбекстанның 2022-2026 жылдарға арналған даму стратегиясында Қытай Өзбекстан үшін, бір жағынан, Азия-Тынық мұхиты аймағындағы стратегиялық серіктес ретінде маңызды болса, екінші жағынан көршілес ел ретінде Сырдарья облысымен инвестициялық және сыртқы экономикалық байланыстарды дамытудағы маңызды серіктес ретінде қарастырылады [15].

Қырғыз Республикасының сыртқы саясатында да Қытай айрықша орынды иеленеді. Жақын көрші ретінде де, аймақтық серіктес ретінде де екі мемлекет арасындағы байланыстар сапалы тұрғыда дамып келеді. Қырғызстанның 2007 жылғы қабылдаған Сыртқы саясат тұжырымдамасы «Қырғызстанның сыртқы саясатының кеңістігін» үш деңгейде анықтаған болатын: аймақтық, континенттік және жаһандық. Аймақтық деңгейде көршілері – Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасымен тығыз мемлекетаралық ынтымақтастықты дамытуға ерекше мән берілген. Континенттік деңгейде Қырғызстанның сыртқы саясаты Ресей Федерациясы, Қытай, Еуропалық Одақ, Германия, Жапония, Үндістан Республикасы және Түркия Республика сияқты континенттің халықаралық саясатының негізгі орталықтарымен көп қырлы және өзара тиімді ынтымақтастық құрылымдарында сенім шараларын дамытуға бағытталған [16].

2019 жылдың 11 наурызында Қырғыз Республикасының жарлығымен Қырғыз Республикасының жаңа сыртқы саяси тұжырымдамасы қабылданған болатын. Құжатта айтылғандай, Қырғызстанның сыртқы саясатына ашық, прагматикалық, көпвекторлы сипат берілген. Елдің саяси саладағы сыртқы саяси басымдықтары ретінде мыналар аталған:

- халықаралық ынтымақтастық тетіктерін жетілдіру арқылы Қырғыз Республикасының ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын саяси және дипломатиялық құралдармен қамтамасыз ету;

- Қырғыз Республикасының мемлекеттік шекарасын толық құқықтық ресімдеу, көршілес елдермен шекаралас аймақтарда сенім шараларын құру және нығайту;

- егемендікті, аумақтық тұтастықты, шекаралардың мызғымастығын, теңдік пен ортақ қауіпсіздікті өзара құрметтеу қағидаттарында Орталық Азия өңірінің мемлекеттерімен достық ортаны қалыптастыру және тату көршілік қатынастарды нығайту;

- одақтасармен және стратегиялық серіктестермен қарым-қатынастарды нығайту және тереңдету, сондай-ақ жаһандық, аймақтық ұйымдар мен интеграциялық бірлестіктер шеңберіндегі тығыз ынтымақтастық [17].

Қырғызстан үшін сыртқы саясаттың ең маңызды аспектісі – Қытаймен қарым-қатынас. Қытайдың Бішкектің сыртқы саясатындағы басымдығы оның жаһандық және аймақтық ауқымдағы артып келе жатқан салмағымен, маңызды экономикалық және демографиялық әлеуетімен, сондай-ақ Қырғызстанмен тікелей жақындығымен анықталады.

Екі ел арасында дипломатиялық байланыстар орнағалы бері ынтымақтастықтың маңызды бағыттары ретінде экономика мен қауіпсіздік танылған болатын. Қырғыз үкіметінің республика аумағында шетел капиталымен жұмыс жасайтын компаниялар туралы ресми статистикасына сәйкес, Қытай шетел капиталымен жұмыс жасайтын шетелдік кәсіпорындардың ішінде саны бойынша Қытай алдыңғы қатарда, сондай-ақ толық шетел капиталымен жұмыс жасайтын кәсіпорындар саны бойынша да көш бастап тұр. Бүгінгі таңда ҚХР Қырғызстан экономикасының ең ірі инвесторларының бірі болып табылады. Қытайдың несиелік қаржысымен жүзеге асып отырған анағұрлым маңызды инвестициялық жобалардың ішінде «Датқа-Кемин» электр беру желісінің құрылысы (389 млн доллар), «Джунда» мұнай өңдеу зауыты (300 млн доллар), қытайлық ТВЕА компаниясы (386 млн доллар) жүргізіп жатқан Бішкек жылу электр стансасын қайта құру жұмыстары бар [16].

Қытай Халық Республикасының Қырғыз Республикасындағы елшісі Ду Дэвэнь өзінің сұхбатында екі ел арасындағы «Бір белдеу, бір жол» бастамасы шеңберінде жүзеге асырылып жатқан маңызды экономикалық жобалар жайында: «Соңғы бес жылда екі ел арасындағы сауда көлемі 6,3 миллиард доллардан 19,8 миллиард долларға дейін өсті. Мен Қырғызстан президентімен және премьер-министрімен бірге Ош ауруханасын, Бішкек қалалық жол желісін қайта жаңарту, ауылшаруашылық ирригация жүйелерін қайта жаңғырту, Солтүстік-Оңтүстік жаңа тас жолын, 100 өрт сөндіру көлігін, 2 жылжымалы аурухананы және басқа да көмек және қолдау көрсетілген жобаларды тапсыру рәсіміне қатыстым. Сондай-ақ Қытай-Қырғыз бірлескен кәсіпорны автомобиль құрастыру зауыты, Бішкектегі қалдықтарды энергияға айналдыру зауыты және Ыстықкөлдегі фотоэлектрлік фазаның іргетасын қалау рәсімдері бар. «Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан» теміржол жобасы – бұл жобаны көптеген қиындықтарды еңсеру және айтарлықтай ілгерілеу үшін белсенді түрде алға жылжыттық. Біз екі тарапты да бар порттардың жүктерді өңдеу қабілетін арттыру және жаңа порттарды ашу жұмысын жеделдету үшін практикалық шаралар қабылдауға ынталандыруға тырысамыз. Біз сондай-ақ адамдар мен жүктердің кедергісіз ағынын жеңілдету үшін екі ел арасындағы тікелей рейстер мен жиілікті арттыруға белсенді түрде ықпал етудеміз. Екі елдің минералды энергетика және инфрақұрылым сияқты дәстүрлі салалардағы ынтымақтастығы ауқымы кеңейіп, электронды коммерция және жасыл энергетика сияқты жаңа өсу нүктелері біртіндеп қалыптасуда. «Бір белдеу, бір жол» құрылысының жоғары сапалы бірлескен құрылысы Қырғызстанның экономикалық және әлеуметтік дамуына және халықтың тұрмысын жақсартуға оң үлес қосып қана қоймайды, сонымен қатар Қытай мен Қырғызстанның әртүрлі салалардағы практикалық ынтымақтастығы деңгейін үздіксіз арттыруда маңызды рөл атқарады» деген болатын [18].

Түрікменстан әлемдік қауымдастықтың жауапты мүшесі және бейтарап мемлекет ретіндегі құқықтық мәртебесіне сүйене отырып, халықаралық қатынастарда сенім диалогы

философиясын алға тартады және «Диалог – бейбітшілік кепілі» қағидасын берік ұстанады. Түрікменстан бірінші кезекте аймақтағы көрші мемлекеттермен қарым-қатынасты нығайтуға ерекше көңіл бөліп, достық, сенім, тату көршілік және өзара тиімді әріптестік атмосферасын құруға күш салуда. Осы тұрғыда Түрікменстан Орталық Азия мемлекеттерінің түрлі форматтағы қызметінің тиімділігін арттыруға орасан зор үлес қосуда. Саяси-дипломатиялық, экономикалық, сауда, отын-энергетикалық, экологиялық, мәдени-гуманитарлық салалардағы халықаралық ынтымақтастықтың заманауи әдістерін дамыту тұрғысынан халықаралық ұйымдармен қатар «Орталық Азия + 1» диалогы, оның ішінде «Орталық Азия – Еуропалық Одақ», «Орталық Азия – Ресей», «Орталық Азия – АҚШ», «Орталық Азия – Қытай», «Орталық Азия – Үндістан», «Орталық Азия – Жапония», «Орталық Азия – Корея Республикасы» форматтарындағы ынтымақтастықты тиімді де нәтижелі өзара ықпалдастық жалғасуда.

2023 жылы Қытай мен Түрікменстан арасындағы екіжақты сауда көлемі 10,59 миллиард АҚШ долларын құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 5,2%-ға азайған, оның ішінде Қытайдың экспорты өткен жылмен салыстырғанда 957 миллион АҚШ долларын құрады 11,3%-ға, ал импорт 9,633 млрд АҚШ долларын құрап, өткен жылмен салыстырғанда 6,6%-ға төмендеген. Қытай мен Түрікменстан Түрікменстан-Өзбекстан шекарасынан басталып, Өзбекстан мен Қазақстан арқылы өтіп, Шыңжаңдағы Қорғас шекара өткеліне жақын жерде аяқталатын Қытай-Орталық Азия табиғи газ құбыры А, В және С үш табиғи газ құбырының желісін салды [19].

Қытай-Түрікмен ынтымақтастығы сенімді тетіктермен қамтамасыз етілген. Бүгінде Қытай-Түрікменстан ынтымақтастығы комитеті ғана емес, сауда, энергетика, гуманитарлық алмасу, қауіпсіздік, көлік-логистика, ғылыми технология салаларында 6 кіші комитет жұмыс істейді. Бас комитет пен оның кіші комитеттері Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы 5 жылға арналған (2021-2025 жж.) Ынтымақтастық бағдарламасын жан-жақты іске асыруда толық келісілген рөл атқарады, осылайша барлық салалардағы өзара іс-қимыл жан-жақты және бірлескен күш-жігер арқылы дамиды [20].

Қытаймен іргелес жатқан Тәжікстан да Қытай Халық Республикасымен жан-жақты байланыстарды орнатқан. Тәжікстан Республикасының Президент жарлығымен 2015 жылы қабылданған сыртқы саяси тұжырымдамасында Қытайға мынадай басымдық берілген: «Қытай Халық Республикасымен тату көршілік, достық және өзара тиімді ынтымақтастық қатынастарын нығайту Тәжікстан Республикасының азиялық бағыттағы сыртқы саясатының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл қарым-қатынастар екі жақтың ерік-жігері мен күш-жігерінің арқасында стратегиялық әріптестік деңгейіне жетіп, саяси, қауіпсіздік, әскери-техникалық, сауда-экономикалық және мәдени салалардағы көпқырлы ынтымақтастықты үдемелі кеңейту үшін қолайлы негіз жасады». Елдің сыртқы саясатында ең алдымен мемлекеттік мүддені қорғау алға тартылған:

- Тәжікстанның мемлекеттік егемендігін қорғау және нығайту және оның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ел шекарасында қауіпсіздік белдеуін және тату көршілікті қалыптастыру;
- мүдделерді өзара есепке алу негізінде әлемнің барлық елдерімен сенім, достық және ынтымақтастық қатынастарын дамыту;
- экономикалық, әлеуметтік және мәдени даму, халықтың әл-ауқатының біртіндеп өсуі және елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- Тәжікстанның энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету, азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізу және елдің коммуникациялық тығырықтан шығу;
- ел ішінде және одан тыс жерде Тәжікстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын, қадір-қасиеті мен мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау;
- демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекет ретінде Тәжікстанның әлемде оң имиджін нығайту;
- тәжік қоғамдары мен басқа елдердегі отандастардың шығармашылық және заңды қызметіне жәрдемдесу [21].

Тәжікстан алғашқылардың бірі болып «Белдеу және жол» бастамасына қосылды, оның аясында елдер бірқатар маңызды жобаларды, соның ішінде Яван цемент зауытын, Хатлон облысындағы демонстрациялық ауыл шаруашылығы орталығын және Данғара қаласындағы тоқыма индустриялық паркін іске асыруда. Олар Тәжікстанның өнеркәсіптік техникалық әлеуетін нығайтуға және мыңдаған жұмыс орындарын құруға көмектескен. Қытай компаниялары салған Қытай-Тәжікстан тас жолы мен Яван-Вахдат теміржол туннелі Тәжікстанның маңызды көлік артериясына айналды. Тәжікстанның шие, лимон және жүзім сияқты жоғары сапалы органикалық ауыл шаруашылығы өнімдері Қытай нарығында лайықты орын алады және тұтынушылар арасында үлкен сұранысқа ие [22].

Орталық Азия астаналары тарапынан қарағанда, Қытай аймақтың ең кедей мемлекеттеріне (Қырғызстан мен Тәжікстан) гранттар мен несиелер ұсынатын, күшті мемлекеттерден (Қазақстан, Өзбекстан және Түркіменстан) көмірсутегін экспорттауға оң мүмкіндіктер ашатын және олардың арасындағы бәсекелестікті қамтамасыз ететін достық держава болып көрінеді. Қытай өте жақсы шарттармен несие ұсынады - төлемді 10 жылдан 15 жылға дейін кейінге қалдыру, басқа державалар оны бере алмайды. Қытай өз қаражатына жүзеге асырылатын жобаларда өз жұмыс күшін пайдаланғанды жөн көреді. Қытай энергетикалық активтер мен стратегиялық табиғи ресурстарды сатып алуды жалғастырады және Тәжікстанда және басқа аймақта маңызды нысандарды салуға арналған барлық дерлік тендерлерді жеңеді [23].

2023 жылдың мамыр айында Қытайдың Сиань қаласында «Қытай-Орталық Азия» форумының алғашқы офлайн-кездесуі өтті. Өткізілген іс-шаралар Қытайдың сыртқы саясатында Орталық Азияның маңыздылығының артып келе жатқанын және Орталық Азия басшыларының Қытайдың аймақтағы «жеңіс» дипломатиясын қолдануға ұмтылысын көрсетеді. Бұл бірінші кезекте саммиттің экономикалық нәтижелерінен айқын көрінеді. Қытай Орталық Азияның бес еліне даму әлеуетін арттыру үшін жалпы сомасы 3,7 миллиард доллар болатын жаңа несиелер мен гранттар беруге уәде берді. Екіжақты деңгейде Қазақстан 22 миллиард доллардан асатын 22 құжатқа қол қойылғанын жариялады, Қырғызстан 1 миллиард доллардан асатын жобаларды жасады, Тәжікстан 25 құжатқа қол қойды, жалпы соманы нақтылай отырып және Өзбекстанмен 25 миллиард доллардан асатын 41 құжат бойынша келісімге келді. Оған қоса, Түрікменстан президенті Сердар Бердімұхамедов бұған дейін 2023 жылдың қаңтарында Қытайға мемлекеттік сапармен барып, оның қорытындысы бойынша да көптеген келісімдерге қол жеткізілген болатын [24]. Осы саммит нәтижесінде қабылданған Сиань декларациясында келісілгендей, 2024 жылдың наурыз айында Сиань қаласында «Орталық Азия-Қытайдың» Хатшылығы ашылды. Хатшылықтың ашылуы «Орталық Азия-Қытай» тетігінің ұйымдастырушылық қызметін жандандырып, ынтымақтастықты одан сайын тиімді етері сөзсіз.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Бір белдеу, бір жол» аясында инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыра отырып, Қытай, бір жағынан, аймақ елдерінің дамуына ықпал ететін болса, екінші жағынан, аймақ елдерінің өзіне тәуелдігін арттыра түсетіні сөзсіз. Себебі Қытайдың бүгінгі таңда Орталық Азия аймағына құйып жатқан инвестициялары тәуелділік теориясы бойынша аймақ елдерін шығыстағы көршіге тәуелді етпек. Бұл ретте Қытайдың «қарыз тұзағына» ілінген Африка елдерін айтсақ та жеткілікті.

Жалпы алғанда, орталықазиялық республикалардың сыртқы саясатын сарапқа салу нәтижесінде өңірлес мемлекеттердің сыртқы саяси басымдықтарында, мақсаттарында ортақ тұстарды айқын көруге болады. Сыртқы саясат тұжырымдамаларында бірінші кезекте аймақтағы көршілес елдермен байланыстардың маңызы айтылса, одан кейінгі кезекте аймақ қауіпсіздігі мен тұрақтылығы, дамуы мен өркендеуі үшін маңызды болып табылатын көршілес державалармен ынтымақтастуға мүмкіндік беретін халықаралық аймақтық ұйымдар аясындағы қайраткерлікке басымдық беріледі. Шынында да, Орталық Азия республикалары

үшін әлі де шешуін табуы қажет ортақ мәселелер көп. Іс жүзіне аспаған инфрақұрылымдық жобалар туындаған кедергілер мен мәселелерді еңсеріп, нәтиже беру үшін өз кезектерін күтіп тұр. Орталық Азия елдері мен Қытай Халық Республикасының басшылары Шанхай ынтымақтастық ұйымы, «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастық форумы, «Қытай-Орталық Азия» форумы және Бейжіңдегі қысқы Олимпиада ойындары сияқты көптеген халықаралық іс-шаралар аясында ынтымақтастықты ынталандыратын екіжақты және көпжақты кездесулер өткізіп, хат алмасу және телефон арқылы сөйлесу арқылы тығыз байланысты одан әрі дамытып, алға бастырып келеді. Зерттеу нәтижелері Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы қатынастардың прагматикалық сипатта дамып отырғанын көрсетті. Қытайдың бастамалары экономикалық даму мүмкіндіктерімен қатар, тәуелділік қаупін де туындатады. Қытаймен ынтымақтастықты аймақ елдерінің сыртқы саяси тұжырымдамалары негізінде жүйелі салыстырмалы талдау зерттеу жұмысының жаңалығы ретінде бағалауға болады.

Геосаяси тұрғыдан маңызды аймақта орналасқандықтан, аймақ елдерінің сыртқы саясаты көпвекторлы, прагматикалық және ұлттық мүдделерге негізделген деп тұжырымдауға болады. Осы орайда **Орталық Азия республикаларының сыртқы саяси басымдықтарын зерттеу бойынша мынадай ұсыныстар жасауға болады деп санаймыз:**

- Көпвекторлы сыртқы саясатты дамыту. Орталық Азия елдері тек бір ғана ірі ойыншыға (Қытай, Ресей немесе АҚШ) тәуелді болып қалмай, ЕО, Түркия, Жапония, Үндістан, Оңтүстік Корея сияқты елдермен де қарым-қатынасты дамытуы қажет. Халықаралық қатынастарда бейтараптықты сақтай отырып, сыртқы күштердің ықпалынан қорғануға ұмтылу қажет.

- Аймақтық интеграцияны күшейту. Орталық Азия елдері ортақ экономикалық, көлік және сауда стратегияларын қалыптастыруы қажет.

- Қаржылық және экономикалық тәуелділікті төмендету. "Бір белдеу, бір жол" бастамасы аясындағы Қытай инвестицияларын тиімді пайдалану және қарыз тәуекелдерін азайту қажет.

- Аймақ қауіпсіздігін нығайту. ШЫҰ, АӨСШК, ҰҚШҰ шеңберіндегі қауіпсіздік шараларын күшейте отырып, ортақ аймақтық қауіпсіздік стратегиясын қалыптастыру қажет.

Қорытындылай келе, тараптар арасындағы байланыстардың болашағына мынадай болжам жасауға болады:

Қытай инвестициялары аймақтық экономикалық дамуға серпін береді. "Бір белдеу, бір жол" бастамасы аясында жүзеге асырылатын инфрақұрылымдық жобалар (автожолдар, теміржолдар, логистикалық хабтар) Орталық Азия елдерінің экономикасын дамытуға оң әсерін тигізеді. Жаңа көлік бағыттарының ашылуы аймақтық және халықаралық сауда көлемін арттырады.

Орталық Азия елдері Қытайға экономикалық тәуелділікке ұшырауы мүмкін. Аймақ елдерінің Қытайдан алатын несиелерінің көлемі артқан сайын, олардың қаржылық тәуелділігі де күшейе түседі.

Қытайдың геосаяси ықпалы артады. Экономикалық жобалар арқылы Қытайдың саяси ықпалы күшейіп, аймақ елдерінің сыртқы саясаттағы дербестігіне әсер етуі мүмкін. Орталық Азия мемлекеттері Қытайдың экономикалық және саяси ықпалын теңгеру үшін Ресей, Еуропа Одағы, Түркия және АҚШ сияқты басқа державалармен қарым-қатынасты нығайтуға тырысады.

"Қытай-Орталық Азия" форматындағы саммиттер мен көпжақты ұйымдар (ШЫҰ) Қытайдың аймақтағы рөлін одан сайын бекіте түседі.

Тараптар арасындағы байланыстардың негізі болып табылатын сауда мен экономика саласындағы ынтымақтастық та соңғы жылдары жаңа сапалы деңгейге көтерілуде. Оған жоғарыда атап көрсетілген статистикалық көрсеткіштер мен іске асып жатқан және жоспарланып жатқан экономикалық жобалар дәлел бола алады. Стратегиялық серіктестік байланыстарды орната отырып, Орталық Азия мен Қытай өзара ынтымақтастықтың жаңа әрі сапалы кезеңіне аяқ басты. Себебі мұндай байланыстар жоғары деңгейдегі өзара сенім, достық, өзара мүдделерді құрметтеу, өзара қолдау қағидаттарына негізделген.

Әдебиеттер:

1. China's Belt and Road Initiative and Its Impact in Central Asia. Marlene Laruelle, editor [Электронный ресурс] // Washington, D.C.: The George Washington University, Central Asia Program, 2018 // - URL: https://www.researchgate.net/publication/355779140_Human_Silk_Road_The_People-to-People_Aspect_of_the_Belt_and_Road_Initiative_in_China%27s_Belt_and_Road_Initiative_and_Its_Impact_in_Central_Asia_Marlene_Laruelle_ed_Washington_DC_The_George_Washington_U / (accessed on: 25.12.2024)
2. В.В. Парамонов. Взаимоотношения государств Центральной Азии с Россией и Китаем: от теории к практике / В.В. Парамонов – Ташкент: «Zilol buloq», 2023. – 280 с.
3. Roman Muzalevsky Mr., China's Rise and Reconfiguration of Central Asia's Geopolitics: A Case for U.S. "Pivot" to Eurasia [Электронный ресурс] // Carlisle, PA: US Army War College Press, 2015. – URL: https://press.armywarcollege.edu/monographs/954/?utm_source=press.armywarcollege.edu%2Fmonographs%2F954&utm_medium=PDF&utm_campaign=PDFCoverPages (accessed on: 25.12.2024)
4. Gustav Meibauer. Neorealism, neoclassical realism and the problem(s) of history [Электронный ресурс] // SageJournals, Volume,37, Issue,2, 2021. URL: <https://journals.sagepub.com/doi/10.1177/00471178211033943> (accessed on: 25.01.2025)
5. Hanks R.R. "Multi-Vector Politics" and Kazakhstan's Emerging Role as a Geo-Strategic Player in Central Asia. Journal of Balkan and Near Eastern Studies, vol. 11, issue 3, 2009. - pp. 257-67. Available at: <https://doi.org/10.1080/19448950903152110>
6. Svante E. Cornell and S. Frederick Starr. Chessboard No More: the Rise of Central Asia's International Agency [Электронный ресурс] // - URL: <https://www.cacianalyst.org/publications/analytical-articles/item/13773-chessboard-no-more-the-rise-of-central-asia%E2%80%99s-international-agency.html> (accessed on: 05.01.2025)
7. «Китайстан»: вышла книга о влиянии Китая в Центральной Азии [Электронный ресурс], - URL: <https://www.centralasian.org/a/xitoyiston-xitoyning-markaziy-osiyo-davlatlarigata-siri-haqida-kitob-chop-etildi/31812040.html> (дата обращения: 20.12.2024)
8. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020 - 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы // ҚР Әділет министрлігі, Заңнама және құқықтық ақпарат институты – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000280> (қаралған күні: 24.12.2024)
9. 什么是人类命运共同体? // Қытай Халық Республикасының қадағалау министрлігінің сайты. – URL: http://www.ccdi.gov.cn/special/zmsjd/zm19da_zm19da/201801/t20180116_161970.html (қаралған күні: 24.12.2024)
10. Қытай әлемнің барлық елімен ортақ тағдыр қауымдастығын бірлесіп құруға дайын – Чжан Сяо. URL: <https://baq.kz/qytay-alemnin-barlyq-elimin-ortaq-tagdyr-qauiymdastygyn-birlesip-quruqa-dayyn-chzhan-syao-334822/> (қаралған күні: 20.01.2025)
11. Китай и Казахстан активно развивают контакты во всех сферах сотрудничества [Электронный ресурс] // Китайская глобальная телевизионная сеть (CGTN), URL: <https://russian.cgtn.com/news/2024-07-02/1808068610940452866/index.html> (дата обращения: 22.12.2024)
12. Стратегия развития Нового Узбекистана на 2022-2026 гг. [Электронный ресурс] // Центр устойчивого развития. - URL: <https://brmnnt.uz/ru/newid/86> (дата обращения: 04.01.2025)
13. Махмудов Р. Внешняя политика современного Узбекистана // Россия и новые государства Евразии, 2021, №1 (L). сс. 121-134.
14. 中华人民共和国和乌兹别克斯坦共和国关于新时代全天候全面战略伙伴关系的联合声明 (全文) [Электронный ресурс] // Агентство Синьхуа, 2024.- URL: <http://politics.people.com.cn/n1/2024/0125/c1001-40165898.html> (дата обращения: 20.12.2024)
15. Указ Президента Республики Узбекистан, от 28.01.2022 г. №УП-60. О стратегии развития Нового Узбекистана на 2022-2026 годы [Электронный ресурс] // Национальная база данных законодательной информации Республики Узбекистан. URL: <https://lex.uz/ru/docs/5841077> (дата обращения: 25.12.2024)

16. И. Рыжов, М. Бородин. Основные приоритеты внешней политики Кыргызстана. URL: https://www.imemo.ru/files/File/magazines/rossia_i_novay/2019_03/Osnovnye_Ryfov.pdf (қаралған күні: 22.12.2024)
17. Концепция внешней политики Кыргызской Республики. [Электронный ресурс] // Централизованный банк данных правовой информации Кыргызской Республики. - URL: <https://cbd.minjust.gov.kg/430045/edition/949067/ru> (дата обращения: 22.12.2024)
18. “一带一路”是中吉合作之路、友谊之路、繁荣之路.- URL: <http://fec.mofcom.gov.cn/article/xgzx/xgzxfwydy/202407/20240703524482.shtml> (accessed on: 20.12.2024)
19. 中国同土库曼斯坦的关系. URL: https://www.mfa.gov.cn/web/gjhdq_676201/gj_676203/yz_676205/1206_676980/sbgx_676984/ (accessed on: 20.12.2024)
20. Китай–Туркменистан: вступление на новый путь всестороннего стратегического партнёрства // Нейтральный Туркменистан. – 30.09.2023.
21. Концепция внешней политики Республики Таджикистан. URL: <https://mfa.tj/ru/main/view/4255/kontseptsiya-vneshnei-politiki-respubliki-tadzhikistan> (дата обращения: 26.12.2024)
22. Китайско-таджикские отношения: во имя прекрасного будущего. URL: https://www.mfa.gov.cn/rus/wjb/zzjg/dozys/xwlb/202407/t20240705_11448658.html (дата обращения: 26.12.2024)
23. Sergey Ryazantsev, Zafar Vazirov, Elena Pismennaya, Leila Delovarova. China in Central Asia: Geopolitical, economic, and sociocultural vectors of influence URL: <https://mahidol.elsevierpure.com/en/publications/china-in-central-asia-geopolitical-economic-and-sociocultural-vec> (accessed on: 06.01.2025)
24. Центральная Азия во внешней политике Китая: Сианский саммит. URL: <https://www.eurasian-research.org/publication/central-asia-in-chinas-foreign-policy-xian-summit/?lang=ru> (дата обращения: 26.12.2024)

References:

1. China's Belt and Road Initiative and Its Impact in Central Asia. Marlene Laruelle, editor [Elektronnyj resurs] // Washington, D.C.: The George Washington University, Central Asia Program, 2018 // - URL: https://www.researchgate.net/publication/355779140_Human_Silk_Road_The_People-to-People_Aspect_of_the_Belt_and_Road_Initiative_in_China%27s_Belt_and_Road_Initiative_and_Its_Impact_in_Central_Asia_Marlene_Laruelle_ed_Washington_DC_The_George_Washington_U / (accessed on: 25.12.2024)
2. V.V. Paramonov. Vzajimootnosheniya gosudarstv Central'noi Aziji s Rossiei i Kitayem: ot teorii k praktike / V.V. Paramonov – Tashkent: «Zilol buloq», 2023. – 280 s.
3. Roman Muzalevsky Mr., China's Rise and Reconfiguration of Central Asia's Geopolitics: A Case for U.S. "Pivot" to Eurasia [Elektronnyj resurs] // Carlisle, PA: US Army War College Press, 2015. URL: https://press.armywarcollege.edu/monographs/954/?utm_source=press.armywarcollege.edu%2Fmonographs%2F954&utm_medium=PDF&utm_campaign=PDFCoverPages (accessed on: 25.12.2024)
4. Gustav Meibauer. Neorealism, neoclassical realism and the problem(s) of history [Elektronnyj resurs] // Sage Journals, Volume,37, Issue,2, 2021. URL: <https://journals.sagepub.com/doi/10.1177/00471178211033943> (accessed on: 25.01.2025)
5. Hanks R.R. “Multi-Vector Politics” and Kazakhstan's Emerging Role as a Geo-Strategic Player in Central Asia. Journal of Balkan and Near Eastern Studies, vol. 11, issue 3, 2009. - pp. 257-67. Available at: <https://doi.org/10.1080/19448950903152110>
6. Svante E. Cornell and S. Frederick Starr. Chessboard No More: the Rise of Central Asia's International Agency [Elektronnyj resurs] // - URL: <https://www.cacianalyst.org/publications/analytical-articles/item/13773-chessboard-no-more-the-rise-of-central-asia%E2%80%99s-international-agency.html> (accessed on: 05.01.2025)

7. “Kitajistan”: vyshla kniga o vliyaniy Kitaya v Central’noi Aziyi [Jelektronnyj resurs] - URL: <https://www.centralasian.org/a/xitoyiston-xitoyning-markaziy-osiyo-davlatlariga-ta-siri-haqida-kitob-chop-etildi/31812040.html> (data obrashheniya: 20.12.2024)
8. Kazakhstan Respublikasy syrtky sayasatynyn 2020-2030 zhyldarga arналган tuzhyrymdamasy turaly // KR Adylet minisrligi, Zangnama jane quyqytyq akparat instituty – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000280> (qaralgan kyni: 24.12.2024)
9. 什么是人类命运共同体? // Qytai Halyq Respublikasynyn qadagalau ministrilgining saity. – URL: http://www.ccdi.gov.cn/special/zmsjd/zm19da_zm19da/201801/t20180116_161970.html (qaralgan kyni: 24.12.2024)
10. Qytay alemning barlyq elimen ortaқ tagdyr qauymdastygyn birlesip quruga dayyn- Zhang Xiao // URL: <https://baq.kz/qytay-alemnin-barlyq-elimen-ortaқ-tagdyr-qauymdastygyn-birlesip-quruga-dayyn-chzhan-syao-334822/> (qaralgan kyni: 20.01.2025)
11. Kitai i Kazakhstan aktivno razvivayut kontakty vo vseh sferah sotrudnichestva [Jelektronnyj resurs] // Kitaiskaja global’naja televizionnaja set` (CGTN), URL: <https://russian.cgtn.com/news/2024-07-02/1808068610940452866/index.html> (data obrashheniya: 22.12.2024)
12. Strategiya razvitiya Novogo Uzbekistana na 2022-2026 gg. [Jelektronnyj resurs] - URL: <https://brmnnt.uz/ru/newid/86> (data obrashheniya: 04.01.2025)
13. Mahmudov R. Vneshnyaya politika sovremennogo Uzbekistana // Rossiya i novyye gosudarstva Evrazii, 2021, №1 (L), cc. 121-134.
14. 中华人民共和国和乌兹别克斯坦共和国关于新时代全天候全面战略伙伴关系的联合声明 (全文) [Jelektronnyj resurs]// Agentstvo Xinhua, 2024. - URL: <http://politics.people.com.cn/n1/2024/0125/c1001-40165898.html> (accessed on: 20.12.2024)
15. Ukaz Prezidenta Respubliki Uzbekistan, ot 28.01.2022 g. №UP-60. O strategiyi razvitiya Novogo Uzbekistana na 2022-2023 gody [Jelektronnyj resurs] // Nacional’naja baza dannyh zakonodatel’noi informacii Respubliki Uzbekistan. URL: <https://lex.uz/ru/docs/5841077> (data obrashheniya: 25.12.2024)
16. I. Ryzhov, M. Borodina. Osnovnyye prioritety vneshnei politiki Kyrgyzstana. URL: https://www.imemo.ru/files/File/magazines/rossia_i_novay/2019_03/Osnovnye_Ryfov.pdf data obrashheniya: 22.12.2024)
17. Konceptiya vneshnei politiki Kyrgyzskoi Respubliki. [Jelektronnyj resurs] // Centralizovannyj bank dannyh pravovoi informacij Kyrgyzskoi Respubliki. – URL: <https://cbd.minjust.gov.kg/430045/edition/949067/ru> (data obrashheniya: 22.12.2024)
18. “一带一路”是中吉合作之路、友谊之路、繁荣之路.- URL: <http://fec.mofcom.gov.cn/article/xgzx/xgzxfwydy/202407/20240703524482.shtml> (accessed on: 20.12.2024)
19. 中国同土库曼斯坦的关系. URL: https://www.mfa.gov.cn/web/qjhdq_676201/qj_676203/yz_676205/1206_676980/sbgx_676984/ (accessed on: 20.12.2024)
20. Kitai-Turkmenistan: vstupleniye na novyi put’ v sestotronnogo strategicheskogo partnerstva // Neitral’nyj Turkmenistan. – 30.09.2023.
21. Konceptiya vneshnei politiki Respubliki Tajikistan. URL: <https://mfa.tj/ru/main/view/4255/kontsepsiya-vneshnei-politiki-respubliki-tadzhikistan> (data obrashheniya: 20.12.2024)
22. Kitaisko-tajikskie otnosheniya: vo imya prekrasnogo budushhego. URL: https://www.mfa.gov.cn/rus/wjb/zjg/dozys/xwlb/202407/t20240705_11448658.html (data obrashheniya: 26.12.2024)
23. Sergey Ryazantsev, Zafar Vazirov, Elena Pismennaya, Leila Delovarova. China in Central Asia: Geopolitical, economic, and sociocultural vectors of influence URL: <https://mahidol.elsevierpure.com/en/publications/china-in-central-asia-geopolitical-economic-and-sociocultural-vec> (accessed on: 06.01.2025)
24. Central’naya Aziya vo vneshnei politike Kitaya: Siyanskij sammit. URL: <https://www.eurasian-research.org/publication/central-asia-in-chinas-foreign-policy-xian-summit/?lang=ru> (data obrashheniya: 26.12.2024)